

Ғалымдар атап өткендей, жеке тұлғаның дене мәдениетін қалыптастырудың төрт деңгейі бар:

Дене мәдениетінің әлеуметтік-рухани құндылықтары туралы арнайы білім мен қабілеттердің болмағанымен байқалатын кездейсоқ деңгей. Ол дененің жетілуі дене дамуының төмен деңгейімен және дайындықтың жасқа сай, дербес ерекшеліктерге сәйкес келмеуімен сипатталады. Жалпы алғанда, дене мәдениеті құндылықтарын игеруге деген оң көзқарас байқалмайды.

Дене тәрбиесінің сауықтырушы, қолданбалы және спорттық іс-әрекеттерімен байланысты дене мәдениетінің құндылықтары туралы қарапайым білім мен түсініктері болуымен сипатталатын алғашқы сауаттылық деңгейі. Гигиеналық дене мәдениеті түрлері және дене қабілеттерін өздігімен жетілдіру жолы ретінде қарастыруға болатын қарапайым дене тәрбиесі элементтері (танертегілік қыздырыну жаттығуларын, шынықу шараларын орындау, белгілі бір дене сапалары мен біліктіліктерін дамыту) игеріледі. Денелік жетілу дене дамуымен дайындығының қанағаттандырылғы деңгейімен сипатталады. Топтасып шұғылдануға мүмкіндік пайда болып, өз іс-әрекеттерін белгілі бір жүйемін іске асыруға деген ұмтылыс байқалады.

Дене мәдениетінің оң ықпалы және оның рухани-әлеуметтік құндылықтары туралы едәуір білім деңгейі. Ақыл-ой, пайым деңгейі жоғары. Ол деңгейдегі адамның дене жетілуі барлық жағынан (дене дайындығы, дербес ерекшеліктері, спорттық жетістіктері) жоғары сипатта болады. Әдетте, ондай адамдар өз бетімен және топпен де бірігіп шұғылдана алады.

Жеке тұлғаның жан-жақты, үйлесіммен дамуына қажет рухани-әлеуметтік дене мәдениетін іс жүзінде пайдалану керек екендігін айқын түсінуге мүмкіндік беретін шығармашылық деңгей. Жеке тұлғаның дене тәрбиесі саласындағы танымдық қызығушылығы өмірлік мәні бар құндылықтар қатарына жатқызылған. Дене жетілуі жоғары деңгейде, адамның жас және спорттық жетістіктерне сәйкес келеді. Өздік жетілу мен дене дамуы жүйеге және шығармашылық негізге ие болған.

Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, жеке тұлғаның дене шынықтыруының қалыптасуын, дене тәрбиесінің құндылықтарымен жеке қарым-қатынастың қалай және қандай нақты түрде көрінетінін анықтауға болады. Адамның қажеттіліктерінің, оның қабілеттерінің күрделі жүйесі мұнда қоғамның дене шынықтыруын дамыту және ондағы шығармашылық өзін-өзі көрсету шарасы ретінде көрінеді.

Әдебиеттер:

1. Мотова Т.Н., Наводнов В.Г., Кукпин В.Ж., Савельев Б.С. Национальной системы оценки качества образования. – Москва, 1998. – 24 С.

2. Тойлыбаев Б.А. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану: пед. ғыл. канд. дис. 05.04.95. – Алматы, 1995. – 135 Б.

3. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. – Түркістан: Тұран, 2004. – 227 Б.

4. Ашмарин Б.А., Завьявлев Л.К., Курамшин Ю.Ф. Педагогика физической культуры. – Л., 1999. – 320 С.

5. Дүйсенбаев А. Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Ақтөбе, 2005. – 24 Б.

Аданов К.Б., Иманбетов А.Н., Мұрат Т.Ж.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Кәрімов М.А.

Ж.Тәшенев атындағы № 10 мектеп-гимназия, Астана қаласы

Ахметов Р.Ә.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы

## МЕКТЕПТЕН ТЫС БОКС ҮЙІРМЕСІНДЕ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ НЕГІЗІ

Бүгінде спорт әлемдік деңгейде отаншыл, ұлтшыл жастар тәрбиелеуді негізгі құралына айналууда. Сонымен бірге Қазақстан жаңа демократиялық құрылым жағдайында жасөспірімдерді спорт арқылы қай ел болмасын әлемге танылууда отансүйгіштікке тәрбиелеуде аса маңызды қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері және Отанымыздың ұлттық саясатына қатысты кейбір ой пікірлер, осыған орай, қоғамымыздың әлеуметтік экономикалық дамуынан туындап отырған ұлттық спорт ойын түрлері секілді ұғымдардың педагогикалық мәні ашылып нақтыланбаған. Қазақстандағы мектеп оқушыларын елжандылыққа тәрбиелеудің даму жолдарына қатысты мұрағат құжаттары, ғылыми педагогикалық айналымға түспегендігіне көз жеткіздік.

Мысалы, қазақ елін әлем балуандарына мойындатқан Балуан Шолақ, Қажымұхан Мұнайтпасов, А.Нұрмаханов, Жақсылық Үшкеміров, Д.Тұрлыханов т.б. балуандардың сіңірген еңбектерін бүгінгі спорт мектептерінде жасөспірімдерді елжандылыққа тәрбиелеуде орны ерекше. Бірақ, бұл бір өкініштісі оқу жаттығу сабақтарында жүйелі түрде қолданылмайды. XXI-ғасыр жаһандану ғасыры деген пікір бүгінде адам баласының санасына сіңіп, ендігі жерде осы көштен қалмауға ұмтылууда.

Сондықтан да бүгінгі таңда, замана ағымына қарата пайда болған тың ұғымдарды айқындап, оларға анықтама беру қажет және Республика көлемінде мектептерінің оқушыларының бойына отаншылдық қасиеті қалыптастыру қажеттігі туындауда. Одан бөлек, жас балуандарды дайындауды, қазақ балуандарының бейнесі арқылы патриоттық тәрбиені қолға алу және оның ғылыми педагогикалық әдіс тәсілдерін енгізу өзекті болуда. Өйткені болашақта еліміздің көк байрағын спорт саласында тік ұстау тікелей отаншыл азаматтар қолында болады. Жаттығу кезіндегі қиындықты жеңу, жарыс кезіндегі жауапкершілік, әлемдік жарыстарда қазақ елінің көк байрағын көтеріп, әнұранын ойнату, бұл нағыз патриоттың қолынан келетін ғана іс.

Сондықтан да, біздегі ғылыми зерттеу жұмысы алда тұрған басты мақсаттардың бірі - ұлттық спорт ойын түрлеріндегі қазақ күресі арқылы әлемдік жарыстарда жеңіске жеткен балуан аталардың, ағалардың, бүгінгі күрес жеңімпаздарының өмірдері арқылы, жасөспірім балаларымыздың отансүйгіштік қасиетін дамытуда, әдіс жолдарын тәрбие үрдісіне қолдануын ғылыми түрде көрсету.

Кешегі Балуан Шолақ (Нұрмұхамбет), Қажымұқан Мұнайтпасов, А.Айханов, Ж.Үшкеміров, Д.Тұрлықановтың т.б., «қазақ күресі» іргесін қалаушысы тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың еңбек жолдарын бүгінгі спорт мектептерінде, оқу-жаттығу сабақтарында қолданса, жасөспірімдердің жігері тасып, еліне деген өз бойында жауапкершілігі артып, жаттығудың қиындығына қарамай, алда өткен аға ұрпақ сияқты, әлемде қызыл туын желбіретіп, әнұранын ойнату, өзі арқылы елді әлемге таныта білетін жасөспірім тәрбиелеу қажетті.

Қазақ балуандарының қаһармандық бейнесі арқылы жас жеткіншек ұрпақтың бойында елдік, ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік, жоғарғы отансүйгіштік, моральдық, еріктік қасиеттерді, спорттық патриотизмге тәрбиелеп, ұлттық тарихи, ерлік мұраларына деген сүйіспеншілік сезімдерін, танымдық қызығушылығын дамытады.

Сонымен қатар, қазіргі кезде қоғамдық әлеуметтік жағдайдың жаңаруына байланысты білім мен тәрбие берудің де жаңаша бағытта қалыптасуында жеке тұлғаның «бәсекеге» қабілетті болуына талап-міндеттер қойылууда. Мұның өзі сана-сезімі жетілген, жан-жақты, елін, жерін, Отанын қорғай білетін, мемлекеттік рәміздерді қасиет тұтатын тұлғаны тәрбиелеуді негізге алатын басым бағыттардан тұрады. Яғни, отансүйгіштік тәрбие берудегі басты мақсат жеке тұлғаның бойында рухы мықты, адамгершілік нормаларды бойына сіңірген, отансүйгіштік қасиетті қалыптастыру болып табылады.

Ғалым Н.Елікбаевтың пікірінше: «біріншіден, тарихи қалыптасатын, ұлттық өмір сүру ізімен жалғасқан дәстүрлі қасиет болғандықтан, ұлттан тыс бола алмайды; екіншіден, кез-келген ұлтқа еңбек сіңірген өзге ұлт өкілдері сол ұлтқа бүтіндей беріле алмайды; үшіншіден,

отансүйгіштік сезімді тек биологиялық деп қарау ғылымға жат нәрсе, оны жануарлардың инстинктімен шатастыруға болмайды. Отансүйгіштік қасиет биологиялық емес, ол тарихи, саяси әлеуметтік, идеологиялық дәстүрлі, күрделі құрылым». Қазақ балуандары туралы мағлұмат берудің өзі тарихқа байланысты келіп шығады. Себебі балуанның өзін ерлігімен, күшімен, қайратымен көзге түскен және өзін іс-әрекетімен көрсете білген фигура деп түсінген жөн.

Оның мәнісін түсіндірер болсақ, балуан атағы тектен тек берілмейді, және оның қазақ қоғамында өзіндік мәртебесі болған: – күштілігімен, ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін атақ. Балуандық мирасқорлық жолмен берілмейді, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болады», - дейді . Яғни балуанның ерлігімен қоса қаһармандығына да көп мән беріліп отыр. Оның бір айғағы балуанның күші мықты, ер болғанының өзінде де оның қаһарман, айлалы, бауырмал, қарсыласына қатал, достарына адал, т.б. секілді қасиеті болуы қажет.

Осындай қырларына байланысты балуандарды ұлтымыз құрмет тұтқан және ерліктерін аңызға айналдырған. Арнайы мамандандырылған спорттық мектеп оқушыларына спортшылардың бейнесін насихаттау үшін профессор К.Ж.Қожахметованың зерттеуіндегі «ер жігіттің» халық ауыз әдебиетіндегі жиынтық образын келтіреміз.

Мұнда автор ер жігітті сыртқы көрінісі жағынан «ұзын бойлы, өткір көзді, қара қасты, кең маңдайлы, тік мұрынды, қияқ мұртты, кең иықты, кеуделі, өткір тісті, қолдары қарулы, мығым денелі, жауырыны қақпақтай, бір сөзді, шыншыл, рухы күшті», ал сипаты мен өзіндік ерекшеліктері жағынан «қырандай қырағы, сұңқардай тәкаппар, арыстандай айбатты, жолбарыстай күшті, қасқырдай батыр, кара нардай шыдамды, құландай сүйекті, жылқыдай сезімтал, бұландай айбарлы, сауысқандай сақ, т.б.», қабілеті мен іскерлігіне байланысты «көсем жігіт, дана жігіт, ержүрек жігіт, мырза жігіт, күрескер жігіт, шаруа жігіт, сұңқар жігіт, сұлтан жігіт, арыстан жігіт, қасқыр жігіт, нар жігіт, т.б.», - деп жіктейді.

Сондай-ақ жігіттің бойында болуы қажет «байқағыштық, шеберлік, ерлік, күштілік және табандылық, шапшаңдық, білімділік» секілді алты қасиетін атап көрсетеді . Мұның өзі бүгінгі спортшылардың қазақ батырларына отан отансүйгіштік қасиеттерді танып-білуіне және өздеріне үлгі алуына септігін тигізеді. Дейтұрғанмен, болашақ тұлғаның бойындағы балуандардың қаһармандық бейнесі педагогика ғылымында ескерілмей келе жатқанын айтуымыз қажет.

Сондай-ақ, оған дүние жүзі халықтарында өз елін, жерін, Отанын сүюге бағытталған саяси-идеологиялық талаптар-міндеттерінен де мысал келтіруге тура келеді. Ағылшын ағартушысы Д.Локк өзінің педагогикалық ойларында өз заманындағы джентельмендер тәрбиесін насихаттай отырып: «Ол үшін бүкіл жақсы қасиеттер бойынан табылуы қажет. Әрине ақылды, білімді, дене бітімі дұрыс және өз Отанын қорғай білетін азамат - джентельмен болуы тиіс», - деп көрсетеді .

Жалпы, «патриотизм» туралы айтар болсақ, ол келесідей қағидаларға сүйенуі тиіс:

- өз ұлтын, ана тілін, мұсылман дінін, туған жерін жанындай сүю, қорғай білу;
- өз ұлтын әлемге таныту;
- өз халқына деген отансүйгіштігі, бауырмалдығының жоғары болуы;
- өз елінің салт-дәстүрлерін қастерлейтін және үнемі насихаттау;
- өз елінің отансүйгіштік тақырыптағы әндерін тыңдау;
- мемлекеттік рәміздерді қасиет тұту және қорғай білу;
- отансүйгіштік ой-санасы жетілуі, ары таза болуы;
- қазақ балуандарының ерлігін, үлгі-өсиетін өнеге тұту керек.

Жалпы, қажеттілігі қанағаттандыру жағдайларға сәйкес өзгеріп отырады. Қажеттіліктер мен мүдделер адамның патриотизмінің қалыптасуына саналы және белсенді серпін беретін қозғалушы күші болып табылады. Олар мотивтелген әрекеттерде іске асырылады. Отаншылдықтың дамуының белсенді және баяу пайда болуы жеке тұлғаның қажеттіліктеріне, мүдделеріне және мотивтеріне байланысты.

Оқу-тәрбие үрдісінде қазақ балуандарының қаһармандық бейнесі арқылы отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау ұлт мектебінің оқу-әрбие үрдісінде ұлттық рухани мұра негізіндегі отансүйгіштік тәрбие берудің педагогикалық алғышарттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Сейдахметова Л.Т. Қазақстан мектептерінде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеудің дамуы (1970-2000 ж) Пед ғыл. Канд. Дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. – Алматы, 2002. – 138 б.
2. Лоюк Ф.Ф. Повышение эффективности героико-патриотического воспитания старшеклассников во внеклассной деятельности: автореф. ... канд. пед. наук.: 13.00.01.- Рига: ЛГУ, 1989.- 24 с.
3. Бейсембаева А.А. Патриотическое воспитание старшеклассников средствами казахского героического эпоса. Дисс. Канд. Пед наук. – Алматы, 2004. – 138 с.
4. Байсеркеев Л. Казахстанский патриотизм и многонациональный интернационализм // Изденіс №2, 1997. – 129 б.

Тұрар Ә. Қ., Кусаинов Д.А., Соболевский А.Ю.  
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

## **БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТЫН ДАМУҒА НАТУРАЛИЗАЦИЯНЫҢ ӘСЕРІ**

Қ.Тоқаевтың балалар мен жасөспірімдер спортының дамытудың маңызына тоқталған болатын. Президенттің пайымдауынша, кез келген легионер ұлттық құрамаға шақырту алғысы келетін жас әрі болашағынан көп үміт күттіретін атлеттеріміздің жолын кеседі. Мемлекет басшысы мұның орнына елімізде дамуы кенже қалған тұрған спорт түрлеріне шетелдік мықты бапкерлерді тартудың қажеттілігін айтты. «Легионер-спортшылардың жетістігі бүгін мерейінді өсіргенмен, ертең абыройынды асқақтатпайды. Бұл жерде кәсіби бапкерге басымдық берген жөн», - деді. Мемлекет басшысы Президенттің Жолдауда балалар мен жасөспірімдер спортының дамытуға басымдық беріп, легионерлер тартуды доғаруға шақыруы бекер емес [1].

Қазақстанда спорттағы натурализация процесі, бүгінгі таңда мемлекет тарапынан көп қаржыландырылатын және қоғамда қызу талқыланып келе жатқан мәселелердің бірі болып табылады. Натурализация – спорт түрлеріне шетелдік спортшыларды ұлттық құрамаларға тарту үшін белсенді қолданылатын әдістердің бірі саналады. Осы жолды ұстанатын мамандардың пікірлері бойынша, бұл бәсекелестік деңгейін арттыруға және халықаралық жарыстардағы нәтижелерді жақсартуға мүмкіндік береді [2].

Натурализацияланған шетелдік спортшылар отандық спортшылармен өз тәжірибесімен бөлісу арқылы, отандық спорттағы бәсекені арттыруға және жаңа спортшылардың есімдерін шығаруға мүмкіндік беруі мүмкін. Алайда отандық спортшылардың жолын бөгейді, ірі жарыстарға енді бет бұрған спортшылардың орындарып басып, олардың өз әлеуетін көрсету мүмкіндігінен айырады. Мысалы, теннис, футбол, ауыр және жеңіл атлетика сияқты спорт түрлеріне келген шетелдік спортшылар көбінесе ұлттық құрамадағы негізгі орынға ие болады.

Натурализация процесінің талаптарына келетін болсақ, спортшылар өз спорт түрі бойынша жоғары көрсетуі керек. Сонымен қатар олар азаматтыққа қойылатын талаптарға да сай болулары керек. Мысалы, азаматтық алатын елде кем дегенде 5 жыл тұруы, мемлекеттік тілді меңгеруі және қылмыстық жауапкершілікке тартылмау деген жалпы талаптар бар. Ал ұлттық құрамаға шақырту алған шетел спортшыларының бұл талаптарды сақтайтындығына күмән бар. Спорт федерациялары натурализация процесінде маңызды рөл атқарады және